

І ТУЫ

ЕТІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Совет Одағының жұмысшылары, шаруалары, интеллигенциясы! Коммунистік партияның XIX съезі алға қойған тарихи міндеттерді ойдағыдай орындайық! Коммунизм құрылысында жаңа жеңістерге жетейік!

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған Урандарынан).

Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығы

Жылғы 6 ноябрьдегі салтанатты мәжлісінде М. Г. Первухин жолдастың баяндамасы

бінде лавалар мен забойлардың циклдік жұмысы енгізілуде. көмір комбайндары мен порода тиейтін машиналар кенінен қолданылуда, мұнай өнеркәсібінде терең скважиналарды шапшаң бұрғылау әдістері, машина жасау өнеркәсібінде металды шапшаң кесу әдістері, химия өнеркәсібінде өндірістің үздіксіз және негүрлым өнімді процестері енгізілуде.

Озат техниканың, еңбекті ұйымдастырудың озат әдістерін қолдану, жұмысшылардың мамандығын арттыру және ауыр жұмыстар мен көп еңбек керек ететін жұмыстарды онан әрі механикаландыру халық шаруашылығының барлық салаларында еңбек өнімділігінің үздіксіз артуын қамтамасыз етуде. 1952 жылы өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 1950 жылғыдан 17 проценттен аса артады, ал 1955 жылы, шамамен, 50 процент артуға тиіс.

Сталин жолдастың көрсеткеніндей, Совет Одағында машиналар қоғамның еңбегін ұқыптап, жұмысшылардың еңбегін жеңілдетеді.

Ауыр және еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру, өндіріс процестерін автоматтандыру арқасында өнеркәсіптегі, транспорттағы және ауыл шаруашылығындағы жұмысшылардың еңбегі едәуір жеңілдетілді. Көмір өнеркәсібіндегі көмірді шамамен тасушылар және қолмен оюшылар, қара металлургиядағы жұмысшы-катапалдар, мұнай өнеркәсібіндегі тарталықшылар мен желончиктер сыяқты, жұмысшылардың ауыр және жуықта гана жаппай қолданылған маман-

директиваларда белгіленген 11 проценттің орнына, 13 проценттен асады.

Жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібі жылдан-жылға өсіп, көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары мен азық-түлік товарларын шығаруды ұлғайтуда. Бесінші бесжылдықтың екі жылы ішінде тамақ өнеркәсібінің өнім шығаруы 25 проценттен аса артты, өнімнің сапасы жақсарып, түр-түрі көбейді.

Быйыл халқымыз өнеркәсіп және азық-түлік товарларын 1950 жылғыдан едәуір көп алады: киімді 27 процент, былғары аяқкиімді 32 процент, ет және балық өнімдерін 31 процент, мал майын, өсімдік майын және басқа тамақтық майларды 31 процент, қантты 58 процент, кондитер тағамдарын 29 процент көп алады. Сол сыяқты үй қажетіне керекті машиналар мен жабдықтар: тоназытқыштар, кір жуатын, шаң тартқыш машиналар және басқа сондай жабдықтар жасау ұлғайтылады.

Социалистік өнеркәсіміміздің быйылғы зор табыстарын көрсете келіп, өнеркәсіптің жеке салаларының және жеке кәсіпорындардың жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін ұмытуға болмайды.

Өнеркәсіптің кейбір салалары жұмысты қанағаттанғысыз істейді, өндірістің белгіленген жоспарын және өнімнің өзіндік құнын кеміту тапсырмаларын орындамайды. Комплектілі және жоғары сапалы өнім шығарылуын қамтамасыз етпей, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды бұзып

лемі 43 миллион шаршы метрге жуық жаңа үйлер салынды, мұның өзі екі бөлмеден есептегенде, бір миллионнан астам пәтерге барабар. Селоларда 620 мың тұрғын үй салынды.

Отанымыздың астанасы — Москвада 1952 жылы тұрғын үйлер құрылысының көлемі соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан екі есе дерлік асты. Зәулім биік үйлердің, тамаша үлкен құрылыстардың алғашқы тобы салынып болды.

ССРО ұлттық табысының өсуі еліміздің еңбекшілерінің әл ауқаты үздіксіз артып, тұрмысы жақсарып отырғанын көрсетеді. 1952 жылы ұлттық табыс 1950 жылғыдан 25 процент көбейеді. Ұлттық табыстың өсуі мұнымен бірге халықтың табысын едәуір арттыруға, халық шаруашылығындағы күрделі құрылысқа бөлінетін қаржыны көбейтуге мүмкіндік берді.

Бұл бесжылдықта өнеркәсіпке жұмсалатын күрделі қаржыны, шамамен айтқанда, төртінші бесжылдықтағыдан 2 есе көбейту көзделеді. Көптеген жаңа заводтар, фабрикалар, шахталар, рудниктер, электр станциялары, темір жолдар салынады, бұрынғылары үлкейтіледі. 1952 жылы мемлекеттік күрделі құрылыстың көлемі 1950 жылғыдан 26 процент арттырылады.

Волгадағы, Днепрдегі, Дондағы және Амудариядағы сталиндік алып құрылыстар ерекше орын алады. 1952 жылы бұл құрылыстардағы күрделі жұмыстардың көлемі 1951 жылғыдан 2 есе арттырылады. Олардың құрылыс жоспары ойдағы

денді. Біздің еліміз Ұлы Отан соғысының ауыр сындарына аброймен төтеп беріп қана қоймай, сонымен бірге гитлерлік армияны талқандап, бүкіл дүние жүзін фашистік құлдық хауіпнен құтқарды. Соғыстан кейін совет адамдары соғыста қыбыратылған өнеркәсіпті, транспортты, ауыл шаруашылығын қысқа мерзімде қалпына келтіріп, халық шаруашылығының барлық салаларының соғысқа дейінгі дәрежесінен едәуір арттырылуын қамтамасыз етті.

Коммунистік құрылыстың партияның XIX съезі бекіткен программасын совет адамдары зор қуанышпен қарсы алды. Бұл аса зор программаның жүзеге асырылатындығына олар қатты сенеді.

Біздің коммунизм жолында жеңіспен алға басуымыз демократия мен социализм лагерінің күштерін күннен-күнге нығайтып, оның халықаралық беделін арттыра береді, барлық елдер еңбекшілерінің империализмге қарсы революциялық күресінде оларды рухтандырып отырады.

Бұл күндерде жүздеген миллион адамдар, адамзатқа сәулетті болашақтың жолын көрсетіп, орасан зор маяктай, дүние жүзі үстінде биікте тұрған Совет Одағына назар салуда. Барлық елдердің алдыңғы қатарлы адамдары Октябрь социализмдік революциясының 35 жылдығын біздермен бірге мерекелейді, оны демократия мен социализмнің қуатты лагері мерекелейді.

I. ССРО-ның ішкі жағдайы

1952 жылы Совет халқы социалистік экономика мен мәдениеттің барлық салаларында жаңа табыстарға жетті.

Сталин жолдас ашқан социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарын негізге ала отырып, коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің экономикасын дамытуды, халықтың әл-ауқатының үздіксіз жақсаруын қамтамасыз етегін шаруашылықтың барлық салаларын үнемі көркейту жолымен бағыттауда. Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары бұған айқын дәлел.

1946 жылғы 9 февральда сайлаушылар алдындағы сөзінде Сталин жолдас белгілеп берген еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің таяудағы үш бесжылдыққа арналған тарихи программасы жаңа бесжылдық жоспарды жүзеге асыру нәтижесінде мерзімінде сөзсіз орындалады, ал мұнай шығару жөнінде тіпті осы бесжылдықтың өзінде мерзімінен бұрын орындалады.

Бүкіл елімізде сталиндік бесінші бесжылдық жоспарды неғұрлым тез жүзеге асыруды көздейтін социалистік жарыс кең өрістеді.

Бұл жарыстың барысында жаңадан талантты мыңдаған озаттар жетілуде, еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға керекті орасан мол резервтер ашылуда, жарыстың жаңа формалары жарыққа шығуда.

Металлургия өнеркәсібінде металл балқытудың шапшаң әдістері барған сайын кеңінен қолданылуда, көмір өнеркәсі-

101 процент орындалды. Сонда 1952 жылы көмір 1950 жылғыдан 15 процент көп шығарылды.

ССРО-да көмір өнеркәсібінің өркендеуін, мысалы, Англиямен салыстырса қызық болады. 1913 жылы Россияда шығарылған көмір Англияда шығарылған көмірдің оннан біріндей болса, 1951 жылы ССРО-да көмір Англиядағыдан 25 процент көп шығарылды. Бұл уақыттың ішінде Англияда көмір шығару 23 процент кемісе, ССРО-да 10 есе дерлік артты.

Совет Одағының мұнай өнеркәсібі күшті қарқынмен өсуде. Мұнай шығару жоспары 1952 жылдың 10 айы ішінде 101 процент орындалды. Ал 1950 жылғымен салыстырғанда мұнай шығару 24 процент артты. Мұнай айыру, бензин, әртүрлі май және басқа мұнай өнімдерін шығару жоспары да асыра орындалуда.

Химия өнеркәсібі, түсті металлургия және құрылыс материалдары өнеркәсібі 1952 жылдың 10 айы ішінде жоспарды толық орындады.

Советтік машина жасау өнеркәсібінің үздіксіз өсуі—техникалық прогрестің және халық шаруашылығының барлық саласын тез қарқынмен өркендетудің негізі. 1952 жылы машина жасау өнеркәсібінің жалпы өнімі 1950 жылғыдан 40 проценттен аса артты. Энергетика, металлургия жабдықтары мен мұнай аппараттарының өндірісі неғұрлым күшті қарқынмен өркендетілуде.

Жұртқа мәлім, бесжылдық жоспар электрлендіру саласында, электрлендіру ісін өркендетуді халық шаруашылығының өсуінің шапшаң қарқынынан асыру үшін, электр станцияларының қуатын және электр қуатының өндірілуін неғұрлым шапшаң қарқынмен арттыруды көздейді. Электрлендірудің коммунистік қоғам орнатудағы маңызын В. И. Ленин өзінің «Коммунизм дегеніміз—совет өкіметі, оның үстіне бүкіл елді электрлендіру» деген атақты тұжырымында данышпандықпен белгілеп берді. Өткен 35 жылдың ішінде совет халқы елімізді электрлендіру саласында ерекше зор табыстарға жетті. Соңғы жылдарда Совет Одағында жыл сайын іске қосылатын электр қуаты, орта есеппен ГОЭЛРО жоспары бойынша он жылдың ішінде іске қосылған электр қуатының мөлшерінен екі есе асып түседі.

Быйыл электр қуатының өндірілуі 1950 жылғыдан 29 процент артады, ал 1951—1952 жылдарда электр қуаты өндірісінің орта есеппен жылма-жыл үстеп өсуі, бесжылдық жоспарда белгіленген 12,5 проценттің орнына, 13,6 процент болады.

Революцияға дейін Россияның электр станциялары бес жыл бойына қанша электр қуатын өндірсе, Совет Одағының электр станциялары кәзір небәрі бір айдың ішінде сонша электр қуатын өндіреді.

1952 жылы көпшілік тұтынатын заттар өндірісі де күшті қарқынмен өсуде. Жаңа бесжылдықтың алғашқы екі жылы ішінде көпшілік тұтынатын заттар өндірісінің орта есеппен жылма-жыл үстеп өсуі, бесжылдық жоспар жөніндегі

ССРО-ның европалық бөлігіндегі далалы және далалы аудандардың ауыл шаруашылығының қызметін егін қорғайтын ағаш егудің сталиндік жоспарын орындауда. Соңғы екі жылдың өзінде бұл аудандардан ағаш егілген жерлердің көлемі 1,5 миллион гектар болды.

Партиямыздың XIX съезі ауылшаруашылық дамуының шығымдылығын онан әрі арттыру, мал шаруашылығын өркендету жөнінде ауыл шаруашылығының алдына міндеттер қойды.

Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау, ең алдымен, қарқынды, совхоздардың және машина-трактор станция жұмысындағы көпшіліктерді жоюды керек қылады. Ішкі нарықтың сапасын арттырып, орындау мерзімдерін түгелдей тракторлар мен ауылшаруашылық машиналармен пайдалануды жақсарту керек, колхоздарда ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен жалпы түсімінің орынды орындау күресінде машина-трактор станция ұйымдастырушылық ролін күшейту керек.

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, ауыл шаруашылығының қызметкерлері соғыстан кейінгі екінші сталиндік бесжылдықты жүзеге асыруға зор жігермен кірісті. Соңғы жаңа бесжылдық жоспардың ауыл шаруашылығы саласы тапсырмаларының орындалатындығы күмәнсіз.

Өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының өсуіміз еліміздің темір жол және су транспорты да өсуде. 1952 жылғымен салыстырғанда быйыл темір жол транспортының айналымы 23 процент артады, өзен транспортының 21 процент, ал теңіз транспортының тасымалы 22 процент артады. Темір жол транспортының электрлендіру жұмысының көлемі едәуір ұлғайтылады. Теңіз және өзен флот кемелермен толықтырылуда.

1952 жылы сталиндік заманның орасан зор құрметі—Владимир Ильич Ленин атындағы Волга—Дон каналы іске қосылды.

Бүкіл қоғамның өсіп отырған материалдық және мәдениет дәрежесін неғұрлым толық қанағаттандыру—социализмнің негізгі мақсаты. Совет халқының әл-ауқат мәдениет дәрежесі үздіксіз артуда. Сауда орындарына көпшілік тұтынатын товарлар көбейтілуде. 1952 жылғымен сауда және кооперация саудасының бөлшек товар айналымының жалпы көлемі 1950 жылғыдан 27 процент артты.

Осы жылғы апрельде азық-түлік және өнеркәсіп қорының мемлекеттік бағасы соғыстан кейінгі уақыттадан бесінші рет кемітілді. Мұның өзі жұмысшылар мен еңбекшілердің нақты жалақысының онан әрі артуын жетілдірудің өнеркәсіп товарларын сатып алу шығынын кемуді қамтамасыз етті.

Еңбекшілердің тұрғын үй жағдайын онан әрі жақсарту мақсатымен біздің елімізде тұрғын үйлер құрылысы жылға ұлғайтылуда. 1951 жылы және 1952 жылдың алғашқы айы ішінде қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жа-

ОБЪ СОЦИАЛИСТИК РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ 35 ЖЫЛДЫҒЫ

Ғы 6 ноябрьдегі салтанатты мәжлісінде М. Г. Первухин жолдастың баяндамасы

халықтық демократияның барлық елдерінің шаруашылық нан өркендеуінің қорытындылары демократия мен социализм лагеріндегі елдер жөнінде АҚШ империалистері жүргізген экономикалық қоршау саясатының толық күйінің көз жеткізе айқын дәлелдейді. Бұл саясат оны жүргізгендерге соққы берді. Ал демократия мен социализм лагеріндегі елдерге келетін болсақ, бұлар қоршау саясатына қарсы беру үшін бірігулерін нығайтып, экономикалық ынтымақпен өзара көмекті күшейтті, дүниежүзілік капиталистік жүйе қарсы тұратын өзінің дүниежүзілік рыногін жасады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың анағұрлым мәнді экономикалық нәтижесі, — деп көрсетеді Сталин жолдас, — барлығын білдіретін дүниежүзілік біріңғай рыноктың ыдырауы, демек дүниежүзілік капиталистік системаның жалпы кризисінің өрі тереңдей түсуі болып табылады.

Коммунистік партияның Орталық Комитетінің XIX съездегі баяндамасында Маленков жолдас кәзіргі бүкіл халықтар арасында жағдайға маркстік терең талдау жасады, бір жағынан, капитализм мен социализм лагеріндегі күштердің өсіп отырғанын және, екінші жағынан, дүниежүзілік капитализмнің кризисінің тереңдегенін айқын көрсететін фактілерді айтып келтірді. Кәзіргі уақытта дүниежүзілік экономикалық жағдайдың жалпы бейнесі дамудың екі жолының болып табылатынын сыпатталады.

Бірінші жол — Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріндегі бейбіт экономиканың, кризистерді білмейтін және қоғамдық материалдық мәдени қажеттерін барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін өркендетіліп отырған капитализмнің үздіксіз өрлей беру жолы...

Екінші жол — өндіріс күштері бір орында тұралап қалған капитализм экономикасының жолы, капитализмнің барған сайын тереңдеген жалпы кризисінің және үнемі қайталанатын экономикалық кризистердің қыспағында жанталасып отырған экономиканың жолы, экономиканы милитарланған және соғысқа жұмыс істейтін өндіріс салаларын біржақты дамыту жолы, елдер арасындағы бәсеке күрес жолы, бір жағынан екінші елдерді құлдыққа түсіру жолы». (Г. Маленков,

дарын ұйымдастырып, үлкендерді ғана емес, тіпті балаларды да күн сайын қорқытуда.

Мұның нәтижесі мәлім. Көптеген американдардың әбден мазасы кетті. Олар әлсіз-әлі аспанға қарайтын болды, тіпті кей біреулеріне «үшқан тарелкалар», «шынылар», «табалар», «оттай жанған жасыл доптар» сыяқты аспанда қалықтаған ғажайып үлкен заттар елестей бастады. Американдық газеттері мен журналдары осындай ғажайып заттарды көзімен көріпті-міс, мұндай заттар не... орыстардың әлде қандай снарядтары, немесе ең болмағанда — Америкада не болып жатқанын байқау үшін басқа бір планетадан жіберілген ұшқыш аппараттар көрінеді, деп айтыпты-мыс деген қай-қайдағы «өз көзімен көргендердің» әңгімелерін басуда! Мұндайда «Қорыққанға қос көрінеді» деген халық мақалын есіңе қалай түсірмессің. (Залда қозғалыс).

Партияның XIX съезінде сөйлеген тарихи сөзінде Сталин жолдас былай деді: капиталистік елдерде адамдар мен ұлттардың тең қарсылық принципі аяққа басылды, оның орнына қанаушы азшылықтың толық қарсылығының және азаматтардың қанаудағы көпшілігінің қарсылығының принципі орнатылды. Енді капитал барлардың ғана өз басының қарсылығы танылады, ал басқа азаматтардың бәрі қанауға ғана жарамды адамдар — шикі материал деп есептеледі. Американың билеуші топтары фашистендіру жолына ашықтан-ашық түсті. Олар Гитлердің ізімен келе жатыр. Елдің ішінде террор системасын орнатып барлық прогресшіл күштерді басып-жаншуға тырысуда, коммунистік партияны заңнан тыс партия деп іс жүзінде жариялады, жалдамалы бандаларды айдап салып, демократиялық ұйымдардың митингтері мен жыйналыстарына кедергі жасауда. Дүние жүзіне үстемдік орнатуды көздеген империалистік жаңа соғысты насихаттау және әзірлеу бұрын-соңды болмаған көлемде күшейтіліп отыр.

Дүниежүзілік жаңа соғысқа бағыт ұстап, АҚШ билеуші топтары Европада, Азияда, Таяу және Орта Шығыста соғыс базаларын көбейтуде, бұл аудандарда өздерінің қарулы күштерін ұстауда. Олар халықаралық бейбіт ынтымаққа қасарып кедергі жасауда. Американдық империалистері герман милитаризмін қайта тұндыру үшін өзінің басты мақсатын «Америка мен

Қыбыр Шығыс пен бүкіл дүние жүзіндегі баянды бейбітшіліктің кепілі болып табылатын Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы арасындағы ұлы достық күшейіп, нығаяда.

Біздің Ұлы Отанымыз бейбітшіліктің мызғымайтын қамалы болып табылады. Совет халқы соғысты тілемейді. Бұл бүкіл дүние жүзіне мәлім. Біздің мемлекеттің бүкіл жұмысы игілікті бейбіт еңбектің сталиндік саясатының ұранымен, халықтар арасындағы достық ұранымен жүргізілуде. Совет Одағының мүдделері, — деп көрсетеді Сталин жолдас, — бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісінен бөліп алғысыз мүдделер.

Совет Үкметінің сталиндік бейбітшілік сыртқы саясаты капитализм мен коммунизмнің бейбіт қатар өмір сүруі және ынтымақтасуы әбден мүмкін деген қағидаға сүйенеді. Бұл үшін, тек екі жақтың ынтымақтасып іс істеуге ынтымақтасып, алынған міндеттемелерді орындауға әзір тұратын болуы, теңдестік және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципі сақталатын болуы керек.

БҰҰ Бас Ассамблеясының октябрьде ашылған кезекті сессиясында СССР мен халықтық демократия елдерінің делегаттары, бұрынғысынан, АҚШ-тың билеуші топтарының диктаторлық агрессивтік саясатын дәйектілікпен әшкерелеуде. Совет өкілдері бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті нығайтудың нақты программасын тағыда жақтап отыр.

Алайда Совет Үкметінің бейбіт саясаты біздің мемлекеттің әлсіздігінен туып отыр деп тек үмітсіз ақмақтардың ғана ойлауы мүмкін. Совет халқы қорқақ халық емес, ол соғыстан қорықпайды. Совет мемлекетінің мызғымас күші капиталистік мемлекеттердің жас Совет республикасына қарсы интервенциясы жылдарында да, сол сыяқты дүниежүзілік екінші соғыс жылдарында да талай рет дәлелденді. Кәзір, Совет Одағы оқшауланған жалғыз ғана ел болмай отырғанда, ол демократия мен социализм лагерін бастап отырғанда, оның күштілігі мен қуаттылығы өлшеусіз арта түсті.

Орыстың ұлы жазушысы Алексей Максимович Горький былай деп жазған болатын: егер алдағы болмай қоймайтын келешектен қорқып, ақылдан мүлде айрылған капиталистер

түседі.

Халықтық- демократия елдерін электрлендіру күшті қарқынмен жүзеге асырылуда. Электр қуатын өндіру 1952 жылы, 1950 жылғымен салыстырғанда: Польша мен Чехословакияда 24—25 процент, Венгрия мен Румынияда 38 процент, Болгарияда 77 процент, Албанияда 3 еседен аса, Герман Демократиялық Республикасында 22 процент артты. Айта кетейік, бұл елдердің достығы мен ынтымағы мынаның өзінен де айқын көрінуде: Румыниядан Болгарияға, Польшадан Чехословакияға электр қуатын беру, сол сияқты Герман Демократиялық Республикасы мен Польшаның электр қуатын өзара алысып, берісуі ойдағыдай жүргізілуде.

Халықтық- демократия елдерінің экономикалық жағынан өз өркендеуі едәуір дәрежеде Совет Одағының оларға көрсетіп отырған зор және туысқандық көмегіне байланысты болып отыр. Совет мамандары жасаған жобалар бойынша, СССР заводтарында жасалған жабдықтарды пайдалану негізінде халықтық- демократияның европалық елдерінде және Қытай Халық Республикасында көптеген жаңа заводтар мен электр станциялары салынып, кәзірдің өзінде іске қосылды.

Совет Одағының көмегіне сүйене отырып, халықтық- демократия елдері ауыл шаруашылығын өркендету және қайта құру міндетін ойдағыдай орындауда. Халықтық- демократияның барлық елдерінде құрылған мемлекеттік машина-трактор станциялары осы қайта құрудың маңызды тұтқасы болып табылады. Халықтық- демократия елдерінде еңбекші шаруалардың кооперативтенуге, өндірістік ауылшаруашылық ұжымдарын құруға деген ынтымағы барған сайын күшеюде.

Халықтық- демократияның барлық европалық елдерінде алпы экономиканың өркендеуімен қатар еңбекшілердің материалдық жағдайы тез жақсарып келеді.

Қытай Халық Республикасы да қытай халқы өзінің коммунистік партиясының басшылығымен империалистердің жәбірлерінен олардың жалдамалы малайлары — гоминдандықтардың үстемдігін мүлде жойып, өкметті өз қолына алғаннан кейінгі кезеңде үш жылдың ішінде зор табыстарға жетті.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі 1951 жылы 1949 жылғыдан 1 еседен аса артты. Мұның өзінде 1951 жылдың аяғында өнеркәсіптің жеке салалары бойынша соғыстан бұрынғы деңгейге жетіп, ал өнімнің кейбір түрлері бойынша оған да асып түсті.

Ауыл шаруашылығында Қытайдың барлық жерінде дерлік аяқталған ұлы жер реформасының жемісті нәтижесі кәзірдің өзінде көрініп отыр. Кәзір Қытай Халық Республикасы халқының көрегін қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде астық пен мақта өндіреді, тіпті ауылшаруашылық өнімдерін басқа елдерге шығарып сату мүмкіндігіне ие болып отыр.

Соңымен, американоамерикан экономикасының біржақты өркендеу нәтижесі кәзірдің өзінде мейлінше айқын көріне бастады.

Европалық капиталистік елдер жанталаса қарулану жолына түсіп, сонымен қатар азаматтық өндірісті де қысқартуда, сөйтіп өнеркәсіпті тұйыққа әкеліп тіреуде.

Соғыс экономикасы орасан көп қаржыны жұтып отыр. АҚШ-тың мемлекеттік бюджеті соңғы жылдарда кәдімгі соғыс бюджетіне айналды. Мысалы, 1952—53 жылдарға арналған бүкіл бюджеттің 74 проценті тікелей соғыс шығындарына жұмсалып, мұның өзі Кореядағы соғыс басталғанға дейінгі соғыс шығындарынан 3 еседен аса артып отыр.

Атлантикалық блокке кірегің батысевропалық елдердің соғыс шығындары 1949—50 жылдары 6,2 миллиард доллар болды. 1952—53 жылдарға арналған бюджеттердегі бұл сома АҚШ билеуші топтарының талап етуі бойынша 16 миллиард долларға дейін дерлік арттырылуда.

Жанталаса қарулану миллиарддерлер мен миллионерлердің құлақ естімеген пайда тауып, баюына әкеліп соқтырып отыр. Соғыстан кейінгі 7 жыл ішінде АҚШ монополистері түсірген пайда 220 миллиард дерлік доллар болды. Ал халықтан алынатын салықтар бұрын- сонды болмаған дәрежеде артуда. Баспасөзде хабар етілгеніндей, Трумэн өзінің президент болған жылдары ішінде салықты АҚШ-тың бұдан бұрынғы 31 президенттің қоса есептегендегіден анағұрлым көп жыйнаған. (Залда қозғалыс).

Агрессиялық лагерьдегі барлық елдерде жанталаса қарулану онысыз да күнсызданып отырған ақшаның бағасын одан әрі төмендеті түсті. Ақша айналымына түсетін қағаз ақшаның көбейіп кетті. Ақшаның сатып алу қаблеті үнемі кемуде. Көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы үздіксіз артуда. Тұрмыс дәрежесі тездеп құлдырап, төмендеуде. Еңбекшілер бұқарасының жағдайы күн сайын нашарлауда. АҚШ-тың, Жапонияның, Англияның, Италияның, Бельгияның және Батыс Германияның өздерінде ғана толық және ішінара жұмыссыздардың саны 32 миллион адамға жетті. Жұмысшылардың ереуілдері мен саяси көтерілістері күшейе түсуде.

Кәзір буржуазиялық экономистердің арасындағы талас жаңа экономикалық кризистің болатындығы немесе болмайтындығы туралы емес, оның қашан басталатыны туралы болып отыр. Ерекше сыйпатты бірнәрсесі: экономикалық конъюнктураны зерттейтін әртүрлі институттар сөзсіз және таяуда болатын кризиске «әзірлену» қажеттігін айтып, кәсіпкерлер дүниесін ашықтан- ашық сақтандырып отыр.

Ал оның бер жағында АҚШ миллиарддерлерінің орасан зор насихат машинасы еңбекшілердің назарын өздерінің ауыр жағдайынан басқа жаққа аударуға тырысып, соғыс желігін қолдан қоздыруда. Бұл машина халықтың ойын атом қаруын қолдану қажет дегенге үйретуде, әуе шабуылының жалған дабыл-

болуда.

Жақында Американың «Нью-Йорк таймс» газеті батыс-европалық үкметтер «АҚШ-қа тәуелді болудан әбден тойып болды» деп жазды. Газет бұдан кейін Американың бұдан былайғы экономикалық «көмегі» Европадағы жағдайды жақсартпай, қайта нашарлататынын мойындайды.

Істің жайы былай болып отыр: Англия, Франция және басқа капиталистік елдер АҚШ-тың үстемдігі мен езушілігіне шексіз тәуелді отыра бермейді, американоамерикан құтылып, дербес өркендеу жолына түсу үшін, ерте ме, кеш пе, әйтеуір әрекет жасайтын болады.

Октябрь социалистік революциясы империализмді оның үстемдік жүргізген орталықтарында ғана шайқалтып қойған жоқ, ол сонымен қатар оның тылдарына, оның шет аймақтарына да соққы берді. Ол империализмнің отарлар мен тәуелді елдердегі үстемдігін әлсіретті.

Дүниежүзілік екінші соғыстың нәтижесінде империализмнің отарлық системасының бар тігісі сөгілуде. Мұнда қытай халқының тарихи жеңісі де аса зор роль атқарды.

Халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаншуды гөздеген империалистердің әрекеттері күйреп отырғандығының айқын дәлелі АҚШ-тың корей халқына қарсы соғыста жеңіліске ұшырауы болып табылады. Кореяның қалаларын тағылықпен бомбалауға, бактериологиялық қару, реактивтік самолеттер мен кәзіргі заманның қару-жарақтарын қолдануға қарамастан, американоамерикан ағылшын әскерлері корей халқының қарсыласуын тойтара алмай отыр. Корей халқы, Қытайдың халық еріктілерінің туысқандық көмегімен, Кореяның халық көсемі Ким Ир Сеннің басшылығымен өзінің тәуелсіздігі мен бостандығын ерлікпен, табандылықпен қорғауда.

Халықтар американоамерикан агрессорларына лагнат айтуда. Халықтар соғысты тілемейді, слар бейбітшілікті жақтауда, соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы өзінің соққысын күшейтуде.

Бейбітшілік жолындағы күресте халық күштерінің қуаты демонстрациясы болған Азия мен Тынық мұхиттағы халықтардың жақында болып өткен бейбітшілікті жақтаушылар конгресінің маңызын айтып жеткізу қиын. 1600 миллион халқы бар 37 елден келген өкілдер соғыс өртің тұтандырушылардың тіміскі әрекеттеріне алдағы уақытта бұрынғыдан анағұрлым күшті тойтарғыс берілетіндігін берік сеніммен мәлімдеді. Бейбітшілікті жақтаушылардың күштері артуда. Барлық елдердің халықтары арасындағы достық нығаюда. Қарапайым халықтың: «Біз социализм елінің халықтарына қарсы еш-уақытта да соғыспаймыз» деген ұраны империалистік соғыс өртің тұтандырушылардың тылында барған сайын жиі және зор үнмен естілуде.

Бейбітшілік жолындағы күресте Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің арасындағы мызғымас достық оған сайын нығаюда.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмесе —1-1а телефон